

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданындағы аукцион арқылы өткізуге арналған жер участкесі тұстамасындағы Орта Теректі өзені және атауы жоқ бұлақтың су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 2 шілдедегі № 224 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 9 шілдеде № 7326 болып тіркелді

## ЗҚАИ - ның ескертпесі.

Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстau мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануы мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

## 1. Мыналар:

1) осы қаулының қосымшасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданындағы аукцион арқылы өткізуге арналған жер участкесі тұстамасындағы Орта Теректі өзені және атауы жоқ бұлақтың су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданындағы аукцион арқылы өткізуге арналған жер участкесі тұстамасындағы Орта Теректі өзені және атауы жоқ бұлақтың су қорғау аймақтары аумағында шаруашылық пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеулері аумағында шектеулі шаруашылық қызмет режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Құршым ауданының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы уәкілдегі мемлекеттік органдарға тапсырын.

3. Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы  
Қазақстан Республикасының заннамасымен белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
  - 2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он құн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;
  - 3) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроОнеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.
5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шығыс Қазақстан облысы әкімі*

*Д. Ахметов*

### "КЕЛІСІЛДІ"

*Қазақстан Республикасы*

*Экология, геология және табиғи ресурстар*

*министрлігі Су ресурстары комитетінің*

*Су ресурстарын пайдалануды реттеу*

*және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік*

*инспекциясының басшысының міндетін атқарушы*

*E. Камбаров*

**2020 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_**

*Шығыс Қазақстан облысы  
әкімдігінің 2020 жылғы  
2 шілдедегі № 224  
қаулысына қосымша*

## **Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданындағы аукцион арқылы өткізуге арналған жер участкесі тұстамасындағы Орта Теректі өзені және атауы жоқ бұлақтың су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері**

Су объектісі, оның участкесі	Су қорғау аймақтары			Су қорғау белдеулері		
	Ұзындығы , км	Ауданы , га	Ені , м	Ұзындығы , км	Ауданы , га	Ені , м
1	2	3	4	5	6	7
Аукцион арқылы өткізуге арналған жер участкесі тұстамасындағы Орта Теректі өзені он жағалау	4,1	382,4	300-600	2,51	21	75
Аукцион арқылы өткізуге арналған жер участкесі тұстамасындағы Орта Теректі өзенінің ағысы оң жағалау сол жағалау	-	-	-	2,92 2,67	20,9 19,8	75 75
Аукцион арқылы өткізуге арналған жер участкесі тұстамасындағы атауы жоқ бұлақ сол жағалау	3,16	139,9	300-500	3,24	24,7	75

**Ескертпе:**

Су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерінің шекаралары мен ені бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК